

Аңдатпа

Бұл дипломдық жобаның негізгі мақсаты – қазіргі заманауи компьютерлік технологияларды қолдана отырып, кәсіпорынның статистикалық деректеріне анализ жасаудың ақпараттық жүйесін құру. Деректерді сараптау мен өңдеу экономикалық қызметті талдауды жетілдіру, техникалар мен компьютерлерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуі оның ақпараттық жүйесін құру және өңдеу деңгейіне байланысты. Статистикалық ақпараттық жүйелер кәсіпорында басқарудың барлық функцияларын орындау үшін ақпарат көзі болып табылатын бастапқы деректердің бірыңғай ақпараттық базасына сүйенеді және жоғары жеделділік, есептеулер баламалығы, алынған бастапқы ақпаратты талдау негізінде нақты қорытындылар алу үшін математикалық-статистикалық әдістерді қолдану, болжамдарды бағдарлау, интегралдаумен ерекшеленеді.